

**«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ АТБАСАР АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ АТБАСАР
ҚАЛАСЫНЫҢ № 7 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА № 7
ГОРОДА АТБАСАР ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО АТБАСАРСКОМУ
РАЙОНУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»**

**БҰЙРЫҚ № 01-05/308
01 қыркүйек 2023ж
Атбасар қаласы**

**ПРИКАЗ № 01-05/308
01 сентября 2023г.
город Атбасар**

**Педагогикалық әдеп жөніндегі
кеңес құру туралы**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабы 34-1) тармақшасына, "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заңының 5 бабы 3 тармағына және 16 бабы 1 тармағы мен "Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Төмендегі тәртіп бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрылсын:

Сараптамалық кеңестің төрағасы: Нағашыбаев Н.Е., кәсіподақ төрағасы
Сараптамалық кеңестің мүшелері:

1. Басманов С.Д., зейнеткер
2. Асқар Ерлан, география пәні мұғалімі
3. Байдашева Г.М., орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
4. Абдрахманова Г.Т., ББ әдіскері, мектеп кураторы
5. Конысбаева Атлас Конысбаевна, зейнеткер
6. Хатшы: Амрина Г.А., бастауып сынып мұғалімі

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын:

Мектеп директоры:



Н. Алкенова

"«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша

Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің жұмысы туралы
2022-23 оқу жылына есебі

"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы Заңының 5 бабы 3 тармағына және 16 бабы 1 тармағы мен «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығына сәйкес мектепшілік бұйрығына «Педагогикалық әдеп» жөніндегі кеңесі құрылды.

«Педагогикалық кеңес» төрағасы: Нағашыбаев Н.Е

Кеңес мүшелері:

1. Басманов С.Д -зейнеткер ұстаз
2. Қонысбаева А.Қ- зейнеткер ұстаз
3. Асқар Ерлан-география пәні мұғалімі
4. Байдашева Г.М- орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
5. Өтегенова Р.К- физика пәні мұғалімі
6. Амрина Г.А- бастауыш сынып мұғалімі

Кеңес құрамына мектептің педагогикалық ұжымының мүшелері, мұғалімдер, кәсіподақ ұйымының өкілдері, педагогикалық еңбектің ардагерлері, барлығы бес мүше кірді.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің отырысында "педагогикалық әдеп кеңесі" туралы ереже қаралды. Кеңестің жұмыс жоспары бекітілді. Жұмыс жоспарына сәйкес ұжымның құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша кеңес отырысы өткізілді.

Кеңес мүшелері "педагог мәртебесі туралы" Заңның, "Еңбек кодексі туралы" Заңның жекелеген тармақтары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Педагогикалық әдеп қағидалары және шарттарымен таныстырылды. Педагог қызметкерлердің құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі туралы ескертілді.

Жоспарланған жұмыс толық атқарылды.

Бекітемін
Мектеп директорының м.а:

Шакеева М.Е.



«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі
Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

**Педагогикалық әдеп ережелерінің 2022 -2023 оқу жылына арналған
жылдық жоспары**

Р/с	Мазмұн	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы . Күн тәртібінде 1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту 2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті 3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті	қаңтар	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы . Күн тәртібінде 1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2 Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика 3 Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті	Наурыз	Хаттама
3	«Педагог дауысы» ашық брефинг кездесу	мамыр	Есеп

Бекітемін

Мектеп директорыны:

Алкенова Н.А

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі
Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Педагогикалық әдеп ережелерінің 2023-2024 оқу жылына арналған
жылдық жоспары

ЖАЛПЫ МАҚСАТТАР:

- Мекеменің әкімшілік , педагогикалық және әкімшілік – көмекші қызметкерлері үшін моральдық және кәсіби мінез-құлық нормаларын сақтауды үйлестіру және мониторингілеу.

МІНДЕТТЕР:

1. Ұжымға табысты енгізу үшін жаңадан келген мұғалімдер мен жас мамандар үшін қолайлы жағдай жасау.
2. Шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету.
3. Білім сапасын жақсарту және жас ұрпақты тәрбиелеу үшін педагог қызметкерлердің ата-аналармен , қамқоршылармен, оқушылармен, жергілікті қоғамдастықпен кәсіби өзара қарым- қатынастарын реттеу.

Р/с	Мазмұн	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы . Күн тәртібінде 1 Педагогикалық кеңесте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту. 2. Педагогикалық этика бойынша кеңес құру туралы бұйрық шығару. 3 . Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметінің 2023-2024 оқу жылына арналған жоспарын құру.	Қыркүйек	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы . Күн тәртібінде 1.Педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша мектепке қабылданған жас мамандармен жұмыс 2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары	Қараша	Хаттама

3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы . Күн тәртібінде 1. Педагогтардың құқықтары 2. Мектептегі педагогикалық әдепті қамтамасыз ету жiне сақтау	Қаңтар	Хаттама
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің № 4 отырысы . Күн тәртібінде 1 Педагог бейнесі 2 Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары 3 Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары	Наурыз	Хаттама
5	Педагогикалық әдеп кеңесінің №5 отырысы . Күн тәртібінде 1.Педагогикалық әдеп жөнiндегi кеңестiң 2023-2024 оқу жылындағы жұмысын талдау.	Мамыр	Есебі
6.	Өтiнiштер бойынша педагогикалық әдеп жөнiндегi кеңес өткізу.	Жыл бойы	Отырыс хаттамалар

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

Қаңтар 2023

Қатысқандар: 47

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту/кеңес төрағасы: Нағашыбаев Н.Е.
2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті/кеңес мүшесі: Байдашева Г.М
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті/кеңес мүшесі
Коньсбаева А.К

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрағасы
Нағашыбаев Н.Е сөз алды:**

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар.

Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Байдашева Г.М /орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі/:

Мұғалім өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр оқушыға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, оқушылар мұғалімнің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

Қыркүйек 2023

Қатысқандар: 46

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде

Күн тәртібінде

- 1 Педагогикалық кеңесте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту.
2. Педагогикалық этика бойынша кеңес құру туралы бұйрық шығару.
- 3 . Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметінің 2023-2024 оқу жылына арналған жоспарын құру

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрағасы Нағашыбаев Н.Е сөз алды:

Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидастарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады. Сондықтан 2023 - 2024 оқу жылына жаңадан педагогикалық әдеп кеңесін құрамы мен таныстырылды. Құрамына 7 адам кірді. Олар:

1. Кеңес төрағасы – Нағашыбаев Н.Е.
2. Басманов С.Д.- зейнеткер
3. Асқар Е – география пәні мұғалімі
4. Байдашева Г.М. – орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
5. Абдрахманов Г.Т. – АББ әдіскері, мектеп кураторы
6. Конысбаева А.К. – зейнеткер
7. Амрина Г.А – бастауыш сынып мұғалімі.

Хатшы ретінде Амрина Г.А – сайланды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директоры Алкенова Нурсулу Амандыковна педагогикалық әдеп кеңесінің келісімі бойынша бұйрық шығарылсын.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Нағашыбаев Н.Е 2023-2024 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп кеңесінің жоспары мен таныстырды.

Мұғалімнің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.

Мұғалім мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кенпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға сыныпқа басқа адам кіріп келгенде мұғалімге орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Мектеп ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі : 1.Қонысбаева А.К /ардагер ұстаз/:

Ұстаз ата-аналармен, оқушылармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті. чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Ұстаз этикасы – мұғалім мен бала, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, мұғалімдер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын сыныптарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Қортынды сөз. Кеңес төрағасы: Нағашыбаев Н.Е:

Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі қаралды, ұстаздардың педагогикалық әдебі туралы да сөз қозғалды. Ардагер ұстаз, кеңес мүшесі Атлас Қонысбаевна мұғалім тек мұғалім емес, ол жас ұрпаққа үлгі болу тұлғасы екенін айтты. Мұғалім өз ісіне адал қарауға міндетті. Қазір көбіне мұғалімдерге несие уақытымен төлемеу бойынша сот ісінен жиі хаттар жіберіліп жатады. Бұндай әрекет мұғалім мен оның беделіне қауіп төнуі мүмкін. Сондықтан ұстаздарды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын.

Кеңес шешімі:

1. №7ЖОББ мектебі жанындағы педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі бекітілсін
2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.
3. «Жас мамандар мектебі» клубы мүшелерімен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңгелек үстелдер өткізілсін.

Кеңес төрағасы:  Н.Е. Нағашыбаев

Хатшы:  Амрина Г.А.

Р/с	Мазмұн	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	<p>Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы . Күн тәртібінде 1 Педагогикалық кеңесте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту. 2. Педагогикалық этика бойынша кеңес құру туралы бұйрық шығару. 3 . Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметінің 2023-2024 оқу жылына арналған жоспарын құру.</p>	Қыркүйек	Хаттама
2	<p>Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы . Күн тәртібінде 1.Педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша мектепке қабылданған жас мамандармен жұмыс 2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары</p>	Қараша	Хаттама
3	<p>Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы . Күн тәртібінде 1. Педагогтардың құқықтары 2. Мектептегі педагогикалық әдепті қамтамасыз ету жіне сақтау</p>	Қаңтар	Хаттама
4	<p>Педагогикалық әдеп кеңесінің № 4 отырысы . Күн тәртібінде 1 Педагог бейнесі 2 Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары 3 Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары</p>	Наурыз	Хаттама
5	<p>Педагогикалық әдеп кеңесінің №5 отырысы . Күн тәртібінде 1.Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2023-2024 оқу жылындағы жұмысын талдау.</p>	Мамыр	Есебі
6.	Өтініштер бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес өткізу.	Жыл бойы	Отырыс хаттамалар

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық кеңесте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекітілсін.
2. Педагогикалық этика бойынша кеңес құру туралы бұйрық шығарылсын.
3. Жылдық жоспарда қарастырылған іс шаралар жоспары жыл бойына толықтай орындалсын.

Кеңес төрағасы:
Хатшы:



Н.Е. Нагашыбаев
Амрина Г.А.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 2 хаттамасы

Қараша, 2023

Қатысқандар: 46_

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша мектепке қабылданған жас мамандармен жұмыс
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Байдашева Г.М. сөйледі.

Мектеп қабырғасына жаңадан келген жас мамандарға педагогикалық әдеп ережелері мен, қағидалары, құқықтары, міндеттері, жауап кершілігі туралы айтты.

Ұстаздар қандай кезде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде керіп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде, өз пікірінді білдірген кезде де адептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарымқатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) әдептілік бағалауда таныту қажет. Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кеңес төрағасы: Нағашыбаев Н.Е.

« Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары» төңірегінде сөз қозғалды. Ұстаз ата-аналармен, балалармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті. Гульнара Амирхановна чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес бекі. Ұстаз этикасы - педагог пен бала, ата-ана мен педагог арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика ұжым ішінде, педагогтер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 2 хаттамасы
Наурыз 2023 жыл**

Қатысқандар: 47 _____

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау/ кеңес мүшесі Басманов С.Д ардагер ұстаз /
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика/кеңес мүшесі Туйкаева Д.К
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті/ кеңес төрағасы Нағашыбаев Н.Е.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі, ардагер ұстаз Басманов С.Д:

Ұстаз – мектеп тұтқасы. Сондықтан ұстаздар қандай кездеде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірңді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту қажет.

Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Асқар Ерлан

Педагогикалық әдеп – мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер студия бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке оқушылар жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады. Педагогикалық әдеп *жағымды жақтан гана қаралады*. “Педагогикалық әдебі нашар” қайырымдылығы нашар, сыпайылығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар, т.б. деумен бірдей. Ал педагогикалық тактиканың тым күрделі – аса жақсыдан жаманға дейін, мейлінше жетілгендіктен қарадүрсінділікке тұқыртылған мәні болуы мүмкін. Әрбір мұғалім оқушылармен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашанда қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Былайша айтқанда мұғалімдердің бірсыпырасының оқушыларды бағындыруға, олардың қарсылығын тойтаруға бағытталған үркітулері, жазалаулары, ақылгөйлігі, дауыс көтеруі, т.б. жақсы болмаса да әрине өзіндік тактикасы, бірақ ол әсте де педагогикалық әдеп бола алмайды. Мұғалім оқушыларына ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кеңпейілді, сақ, әдепті болғанымен олармен қоян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. Оның сабақтарында тәртіпсіздік үстемдік етеді, оқушылар үй тапсырмаларын орындамайды, айтқан ақылды тындамайды, шынтуайтқа келгенде оны сыйламайды. Мұндай мұғалімді әдептілігі жоқ деп кінәлауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал тәсілдері қоры аз,

жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы пектепке дейінгі ұйымдарды, мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Кеңес шешімі:

«Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңдарына, ҚР БҒМ 11 мамырдағы «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» № 190 бұйрығы басшылыққа алынсын. Педэтика нормалары педагогтер арасында қатаң сақталсын

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



Н.Е. Нағашыбаев

Амрина Г.А.

Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. «Мұғалімге керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік», — деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтің жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі.

Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзіреттілікті меңгерту – болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

Қортынды сөз: Егер мұғалім өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз оқытып отырған адамдар сыныпқа қызығушылық танытады, сонда ғана олар ұстаздарын есте сақтап, бағалап құрметтейді

Кенес шешімі:

- 1/ Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын.
- 2/ Мұғалімнің педагогикалық әдебін сақтауда мұғалімнің құқықтық сауаттылығын артыру үшін, құқықтық сауаттылық күні өткізілсін.
- 3/ Жас ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін артыру үшін іс-шаралар өткізілсін.

Кенес төрағасы:

Хатшы:



Н.Е. Нагашыбаев

Амрина Г.А.